«Транстелеком» АҚ қызметін экологиялық жауапкершілік қағидаттарын ескере отырып жүзеге асырады. Телеком-муникация саласының қоршаған ортаға әсер ету дәрежесінің салыстырмалы түрде төмен екенін ескере келе, Компания табиғатты қорғау заңнамасын сақтаудың және ресурстарды тұрақты пайдаланудың маңыздылығын мойындайды.

Компанияда ISO 14001 халықаралық стандарты бойынша сертификатталған Экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ) енгізілген және жұмыс істейді. 2024 жылы инспекциялық аудит сәтті өтті. Жұмыстың негізгі бағыттары: қалдықтарды бақылау, шығарындылар бойынша нормаларды сақтау, ластануды болдырмау, жағымсыз әсерді азайту бағдарламаларын іске асыру.

Сатып алу қызметі

«Транстелеком» АҚ-да тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу ішкі Сатып алу саясатына және Сатып алу қызметін басқару қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Жеткізушіні таңдаудың барлық рәсімдері регламенттелген және eер.mitwork.kz электрондық сатып алу жүйесі арқылы өткізіледі.

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ҚР ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗАҢНАМАСЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫНА ТОЛЫҚ СӘЙКЕСТІКТЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ЕСЕПТІЛІК, ҚАЛДЫҚТАРДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУҒА АРНАЛҒАН ШАРТАР, САНИТАРЛЫҚ НОРМАЛАРДЫ САҚТАУ. ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚТАР МЕН АЙЫППҰЛ САНКЦИЯЛАРЫ ТІРКЕЛГЕН ЖОҚ.

Шығыстарға мыналар кіреді: шығарындылар және қалдықтарды орналастыру үшін экологиялық төлемдер, РШШ нормативтерін әзірлеуге инвестициялар, қоршаған ортаға әсерді бағалау, сондай-ақ экологиялық талаптарды сақтауға арналған әкімшілік шығындар.

АТМОСФЕРАҒА ШЫҒАРЫНДЫЛАР ЖӘНЕ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ

«Транстелеком» АҚ энергиялық тиімді және экологиялық таза технологияларды енгізе отырып, ластаушы заттардың атмосфераға шығарындыларын азайту бойынша шараларды қабылдайды. Осы аспектіні басқару ISO 14001 бойынша сертификатталған, жұмыс істеп тұрған Экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ) шеңберінде жүзеге асырылады. Өндірістік қызмет аясында Компания филиалдары қажетті рұқсаттарды алып, жыл сайын қадағалау органдарына есептілігін ұсынады. Есепті кезеңде экологиялық заңнаманы бұзушылық тіркелген жоқ.

Бір көзден сатып алу кезінде адал бәсекелестік және баға мен сапаның оңтайлы арақатынасы критерийлерін ескере отырып, нарықтық бағаларға талдау жүргізіледі. Сатып алу жүйесінің ашықтығы мен тиімділігін арттыру мақсатында ішкі регламенттерді өзектендіру бойынша тұрақты жұмыс жүргізілуде.

Б. Корпоративтік басқару

КОМПАНИЯ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУҒА, ІШКІ БАҚЫЛАУҒА ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚҚА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН БАСҚАРУШЫЛЫҚ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУДАҒЫ ЖҮЙЕЛІ ТӘСІЛДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

- 027 ... Корпоративтік басқару туралы жалпы ақпарат
- 029 ... Директорлар кеңесі
- 032 ... Атқарушы орган
- 033 ... Құндылықтар және іскерлік әдеп
- 033 ... Мүдделер қақтығысы
- 033 ... Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- 033 ... Террористік қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл
- 034 ... Режимдік, күзет және алдын алу іс-шаралары
- 034 ... Тәуекелдерді басқару
- 037 ... Ішкі аудит қызметі
- 038 ... Сапаны басқару



Корпоративтік басқару туралы жалпы ақпарат

НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАР

Корпоративтік басқару Акционерлердің жалпы жиналысы 2022 жылғы 2 наурызда бекіткен Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Жүйе тұрақты өсуді қамтамасыз етуге, акционерлердің мүдделерін сақтауға және Компанияның инвестициялық тартымдылығын арттыруға бағытталған. Кодекстің негізгі қағидаттары:

Акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

Директорлар кеңесі мен Басқарманың тиімді жұмысы.

Ашылатын ақпараттың ашықтығы мен анықтығы.

Заңдылық, әдептілік және басқарушылық жауапкершілік.

Корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығыстарын реттеу.


Кадрлық әлеуетті дамыту және қоршаған ортаны қорғау.

«Транстелеком» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫ, ҚЫЗМЕТТІҢ АШЫҚТЫҒЫН ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУДЫҢ ТИІМДІ ЖҮЙЕСІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕ ОТЫРЫП, КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ЖОҒАРЫ СТАНДАРТТАРЫН ҰСТАНАДЫ.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Корпоративтік басқару Директорлар кеңесін, Басқарманы, ішкі аудитті, сондай-ақ бұзушылықтар туралы құпия хабарлауға арналған Жедел желіні қамтиды. Компания тәуекелдерді басқаруға, ішкі бақылауға және қаржылық тұрақтылыққа ықпал ететін басқарушылық шешімдер қабылдаудағы жүйелі тәсілді қамтамасыз етеді.

«Транстелеком» АҚ үздік халықаралық тәжірибелерге және Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауға бағдарлана отырып, корпоративтік құрылымды дәйекті түрде жетілдіруде.



АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ

«Жекешелендірудің 2014-2016 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 31 наурыздағы №280 қаулысына сәйкес «Транстелеком» АҚ жекешелендіруге және бәсекелік ортаға иеліктен шығаруға жататын компаниялар тізіміне енді.

2024 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі акционерлік капитал құрылымы:

- «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ – 25% + 1 акция.
- «Unit Telecom» ЖШС – 75% – 1 акция.

2024 жылы жарғылық капиталда өзгерістер болған жоқ.

Жай акциялар жарияланды – 6 471 089, орналастырылды – 5 638 097, орналастырылмады – 832 992.
Бір акцияның номиналды құны – 1 000 теңге.
Орналастырудан тартылған қаражат – 12,2 млрд теңге.

ОБЛИГАЦИЯЛАР

Директорлар кеңесі 2019 жылғы 22 шілдеде ішкі нарықта жылдық 11,5% купондық мөлшерлемен және айналым мерзімі 12 жыл болатын 22 млрд теңгеден аспайтын сомаға облигациялар шығару туралы шешім қабылдады. 2020 жылғы 10 қаңтарда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ 10 млрд теңге көлемінде облигациялар сатып алды. 2023 жылғы қаңтарда «Транстелеком» АҚ 2 млрд теңге сомасына облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алуды жүзеге асырды.

2021 жылғы 19 қарашада Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 27 қазандағы шешіміне сәйкес 7 жыл мерзімге жылдық 13,0% купондық мөлшерлемен 15 млрд теңге мөлшерінде облигациялар орналастырылды.

 **6,471**
млн жай акциялар
жарияланды

 **1 064,19**
теңге
1 жай акцияға
дивиденд

ДИВИДЕНДТЕР

2024 жылы дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған жоқ.

2023 жылдың қорытындысы бойынша акционерлердің жалпы жиналысының 2025 жылғы 27 қаңтардағы шешіміне сәйкес 6 млрд теңге дивидендтер төлеуге бағытталды.

1 жай акцияға дивиденд 1 064,19 теңгені құрады.

ІРІ МӘМІЛЕЛЕР

2024 жылдың қорытындысы бойынша:

- «Транстелеком» АҚ-ның түсімі – 86 млрд теңге.
- Интернет сегментінде – 16 млрд теңге (нарық үлесі 3,6%).
- Деректерді беруде – 8 млрд теңге (нарық үлесі 13,8%).

Өсім бизнесті әртараптандыру, B2Cloud, B2SP, B2C және халықаралық қызметті дамыту арқылы қамтамасыз етілді.

Ішкі жобалау институты құрылды, Яндекс.Бұлтпен келісімшартқа қол қойылды, «ҰАТ» АҚ, KAZ Minerals және басқалармен жобалар іске асырылды. B2C клиенттік базасының өсуі +16,7%-ды құрады.

 **16%**
B2C клиенттік
базасының өсуі

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

Жоғары басқару органы –
Акционерлердің жалпы
жиналысы.

Жиналыстың құзыреті, сондай-ақ оны өткізу тәртібі Жарғымен және 2016 жылғы 04 тамыздағы Ережемен, №1 хаттамамен айқындалған.

«Транстелеком» АҚ барлық акционерлердің тең құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді.



Директорлар кеңесі

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІНЕ ЖАТҚЫЗЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕРДІ ҚОСПАҒАНДА, «ТРАН-СТЕЛЕКОМ» АҚ ҚЫЗМЕТІНЕ ЖАЛПЫ БАСШЫЛЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТИІМДІ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ, АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДА ЖӘНЕ АТҚАРУШЫ ОРГАНДЫ БАҚЫЛАУДА ШЕШУШІ РӨЛ АТҚАРАДЫ.

Директорлар кеңесінің қызметі Жарғымен және Директорлар кеңесі туралы ережемен реттеледі (2016 жылғы 04 тамызда кейінгі өзгерістермен бекітілген).

2024 жылы Директорлар кеңесінің 8 отырысы, барлығы күндізгі нысанда өткізілді.


Отырыс шеңберінде 31 мәселе қаралды, оның 25-і бейінді комитеттермен алдын ала пысықталды.

Директорлар кеңесінің жұмысы бекітілген жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді.


 **8** Отырысы 2024 жылы Директорлар кеңесінің өткізілді

ДК отырыстары туралы ақпарат


Отырыстар саны




Бетпе-бет



Сырттай



Мәселелер саны



2024 жылы «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің отырыстарына Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуы туралы ақпарат

ТАӘ	Отырыстарға қатысу, белгіленген күннен бастап	%	Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің құрамында болу кезеңі
Алиев Нұрали Рахатұлы	8-ден 8	100	2024 жылғы 1 қаңтар-31 желтоқсан
Ахметжанов Ануар Мұратұлы	3-тен 3	100	2024 жылғы 1 қаңтар-31 желтоқсан
Покупателев Дмитрий Александрович	8-ден 8	100	2024 жылғы 1 қаңтар-31 желтоқсан
Гумаров Эльдар Мухтарович	7-ден 8	91	2024 жылғы 1 қаңтар-31 желтоқсан
Өтемұрат Берік Мұстайұлы	8-ден 8	100	2024 жылғы 1 қаңтар-31 желтоқсан
Аниховский Вячеслав Анатольевич	8-ден 8	100	2024 жылғы 1 қаңтар-31 желтоқсан
Ибраимов Ғалымжан Уалханұлы	8-ден 8	100	2024 жылғы 1 қаңтар-31 желтоқсан

Директорлар кеңесі 2024 жылы қараған негізгі мәселелер

2024 жылы «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесі Компания қызметінің стратегиялық және ағымдағы мәселелерін қарады. Барлығы 8 бетпе-бет отырыс шеңберінде компанияны дамытудың негізгі бағыттары бойынша шешімдер қабылданды. Олардың негізгісі:

- «Транстелеком» АҚ-ның 2023 жылғы жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту.
- «Транстелеком» АҚ-ның 2024 жылға арналған бюджетін бекіту.
- Ірі мәмілелер мен мүдделі мәмілелерді қарау және мақұлдау.
- Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын өткізуге дайындық.

- 2023 жылғы таза кірісті бөлу және дивидендтер төлеу тәртібі бойынша акционерлердің жалпы жиналысына ұсынымдар.
- «Транстелеком» АҚ-ның 2023 жылғы жылдық есебін бекіту.
- Қайта құрылымдау және қайта қаржыландыру жөніндегі келісімдердің талаптарын мақұлдау.
- Директорлар кеңесінің 2023 жылғы қызметі туралы есепті мақұлдау.

Барлық шешімдер белгіленген тәртіппен ресімделді және Директорлар кеңесі отырыстарының тиісті хаттамаларында көрсетілген.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІН АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ САЙЛАЙДЫ.



3

Директорлар кеңесінің бейінді комитеті

2024 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі Директорлар кеңесінің құрамы:

Директорлар кеңесінің мүшелері	Сайлау күні	Мәртебесі
Алиев Нұрали Рахатұлы	2023 жылғы 25 шілде	Акционердің өкілі
Ахметжанов Ануар Мұратұлы	2023 жылғы 25 шілде	Акционердің өкілі
Покупателев Дмитрий Александрович	2023 жылғы 25 шілде	Акционердің өкілі
Гумаров Эльдар Мухтарович	2023 жылғы 25 шілде	Акционердің өкілі
Өтемұрат Берік Мұстайұлы	2023 жылғы 25 шілде	Тәуелсіз директор
Аниховский Вячеслав Ана-тольевич	2023 жылғы 25 шілде	Тәуелсіз директор
Ибраимов Ғалымжан Уалханұлы	2023 жылғы 25 шілде	Тәуелсіз директор

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

2024 жылы «Транстелеком» АҚ-да Директорлар кеңесінің үш бейінді комитеті жұмыс істеді:

- Аудит комитеті.
- Кадр және сыйақы комитеті.
- Стратегиялық жоспарлау комитеті.

Комитеттер бекітілген Ережелерге сәйкес әрекет етеді және Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын мәселелерді алдын ала талдау функцияларын орындайды. 2024 жылдың қорытындысы бойынша комитеттердің әрқайсысы Директорлар кеңесіне қаралып отырған мәселелер бойынша әзірленген ұсынымдарды қоса алғанда, атқарылған жұмыс туралы есеп берді.

Комитеттердің жұмысы қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға және корпоративтік басқару органдары арасындағы тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге ықпал етті.

Аудит комитеті

Аудит комитеті Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 17 наурыздағы шешімімен бекітілген Ереже негізінде әрекет етеді. Комитет Директорлар кеңесінің негізделген шешімдер қабылдауына ықпал ете отырып, негізгі қаржылық және бақылау мәселелерін алдын ала қарауды және сараптаманы қамтамасыз етеді.

Комитеттің құрамы Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 6 қыркүйектегі шешімімен бекітілген және оған тек Тәуелсіз директорлар кіреді:

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесі Аудит комитетінің құрамына кіретіндер:

Т.А.Ә.	Лауазымы	Комитеттің мүшесі:
Өтемұрат Берік Мұстайұлы	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитеттің төрағасы	2023 жылғы 6 қыркүйектен бастап
Ибраимов Ғалымжан Уалханұлы	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитеттің мүшесі	2023 жылғы 6 қыркүйектен бастап
Аниховский Вячеслав Анатольевич	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитеттің мүшесі	2023 жылғы 6 қыркүйектен бастап

2024 жылы Аудит комитеті 2 бетпе-бет отырыс өткізді. Оның шеңберінде белгіленген құзырет шегінде 15 мәселе қаралды. Барлық мәселелер бойынша Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар әзірленіп жолданды.

ІШКІ АУДИТ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША

Комитет мына мәселелерді қарап, олар бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар берді:

- 2023 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының нақты мәндері бар қызметтің негізгі көрсеткіштерінің уәждемелік карта-сын мақұлдау және сыйақы мөлшерін есептеу туралы.

- Өтемұрат Б.М. – Комитеттің төрағасы, тәуелсіз директор.
- Ибраимов Ғ. У. – Комитеттің мүшесі, тәуелсіз директор.
- Аниховский В.А. – Комитеттің мүшесі, тәуелсіз директор.

Комитеттің қалыптасуы және оның құрылымы ҚР заңнама-сының талаптарына және корпоративтік басқарудың үздік халықаралық стандарттарына сәйкес келеді.

- «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2023 жылғы 3 тоқсандағы есебін алдын ала мақұлдау туралы.
- «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2023 жылғы 4 тоқсандағы есебін алдын ала мақұлдау туралы.
- «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2024 жылға арналған аудиторлық жоспарын алдын ала мақұлдау туралы.
- «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2024 жылғы 1 тоқсандағы есебін алдын ала мақұлдау туралы.
- «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының және қызметкерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін айқындау жөнінде ұсынымдар әзірлеу туралы.
- «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының ПӘК уәждемелік картасын алдын ала мақұлдау туралы.

ІШКІ БАҚЫЛАУ

ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША

Комитет мына мәселелерді қарап, олар бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар берді:

- 2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «Транстелеком» АҚ тәуекелдер жөніндегі есебін алдын ала мақұлдау туралы.
- 2024 жылға арналған «Транстелеком» АҚ тәуекелдер тізілімі мен картасын алдын ала мақұлдау туралы.
- 2023 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша «Транстелеком» АҚ тәуекелдер жөніндегі есебін алдын ала мақұлдау туралы.
- 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Транстелеком» АҚ тәуекелдер жөніндегі есебін алдын ала мақұлдау туралы.

- 2024 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша «Транстелеком» АҚ тәуекелдер жөніндегі есебін алдын ала мақұлдау туралы.
- «Транстелеком» АҚ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін дамытудың 2022-2024 жылдарға арналған ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарына өзгерістерді алдын ала мақұлдау туралы.
- «Транстелеком» АҚ тәуекел-мәдениетін бағалау қағидалары» интеграцияланған менеджмент жүйесінің жұмыс нұсқаулығын алдын ала мақұлдау туралы.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ СЫРТҚЫ АУДИТ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША

Комитет мына мәселелерді қарап, олар бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар берді:

- «Транстелеком» АҚ-ның 2023 жылғы жылдық қаржылық есептілігін алдын ала мақұлдау туралы.

Аудит комитеті мүшелерінің 2024 жылғы отырыстарға қатысуы:

Т.А.Ә.	Отырыстар барлығы	Отырыстарға қатысу	Отырыстарға қатысу (%)
Өтемұрат Берік Мұстайұлы	2	2	100
Ибраимов Ғалымжан Уалханұлы	2	2	100
Аниховский Вячеслав Анатольевич	2	2	100

Кадр және сыйақы комитеті

Кадр және сыйақы комитеті Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 31 тамыздағы шешімімен бекітілген Ережеге сәйкес әрекет етеді. 2024 жылы Комитет басқарма мүшелерін іріктеуді, бағалауды және марапаттауды қоса алғанда, Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын мәселелерді қарау жөніндегі жұмысты жалғастырды.

Комитеттің құрамы Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 6 қыркүйектегі шешімімен бекітілген және мыналар кіреді:

- Ибраимов Ғ.У. – Комитеттің төрағасы, тәуелсіз директор.
- Өтемұрат Б.М. – Комитеттің мүшесі, тәуелсіз директор.
- Аниховский В.А. – Комитеттің мүшесі, тәуелсіз директор.

Комитет кадрлық шешімдерді бағалаудың тәуелсіздігін қамтамасыз етеді және корпоративтік басқарудың үздік халықаралық стандарттарына сәйкес келеді.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесі Кадр және сыйақы комитетінің құрамына кіретіндер:

Т.А.Ә.	Лауазымы	Комитеттің мүшесі:
Ибраимов Ғалымжан Уалханович	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитеттің төрағасы	2023 жылғы 6 қыркүйектен бастап
Өтемұрат Берік Мұстайұлы	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитеттің мүшесі	2023 жылғы 6 қыркүйектен бастап
Аниховский Вячеслав Анатольевич	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитеттің мүшесі	2023 жылғы 6 қыркүйектен бастап

2024 жылы Комитет 2 бетпе-бет отырыс өткізді, онда оның құзыретіне кіретін 6 мәселе қаралды. Барлық мәселелер Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдармен бірге берілді.

Негізгі тақырыптар мыналарды қамтыды:

- Комитеттің 2023 жылғы есебін алдын ала қарау.
- Корпоративтік хатшының уәжделмелік картасы және еңбекақысы бойынша ұсынымдар.
- 2023 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша KPI бекіту және сыйақыны есептеу.

Комитет мүшелері сараптамалық бағалаудың толықтығы мен тәуелсіздігін қамтамасыз ете отырып, барлық отырыстарға дербес қатысты.

2024 жылдың есепті кезеңінде «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадр және сыйақы комитетінің барлық мүшелері барлық отырыстарға қатысты. Ибраимов Ғ.У., Өтемұрат Б.М. және Аниховский В.А. 100% жеке қатысуын қамтамасыз ете отырып, өткізілген екі отырыстың екеуіне қатысты.

Стратегиялық жоспарлау комитеті

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитеті негізгі стратегиялық мәселелерді алдын ала қарауды жүзеге асырады және Директорлар кеңесі шешімдерінің сапасын арттыру үшін ұсынымдар әзірлейді.

Комитет 2016 жылғы 31 тамызда бекітілген Ережеге сәйкес әрекет етеді және «Транстелеком» АҚ Жарғысында көзделген корпоративтік басқару құрылымына кіреді.

2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін Комитеттің құрамына кіретіндер:

- Аниховский В.А. – Комитеттің төрағасы, тәуелсіз директор.
- Өтемұрат Б.М. – Комитеттің мүшесі, тәуелсіз директор.

- Ибраимов Ғ.У. – Комитеттің мүшесі, тәуелсіз директор.

Тағайындау мен құрамы Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 6 қыркүйектегі шешімімен бекітілген (№6/2023 хаттама).

2024 жылы Стратегиялық жоспарлау комитеті 2 бетпе-бет отырыс өткізіп, онда 4 мәселені қарады және Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берді. Негізгі мәселелердің қатарына «Транстелеком» АҚ-ның 2024 жылға арналған бюджетін бекіту және Комитеттің 2023 жылға арналған есебін алдын ала қарау жатады.

Отырыстарға Комитеттің барлық мүшелері қатысты: Аниховский В.А., Өтемұрат Б.М. және Ибраимов Ғ.У.

Атқарушы орган

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ БАСҚАРМАСЫ ӨЗ ҚЫЗМЕТІН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫНА, «ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ЖАРҒЫСЫНА, АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ, ДИРЕКТОРЛАР

КЕҢЕСІНІҢ ШЕШІМДЕРІНЕ ЖӘНЕ «ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ-ЫНҢ ӨЗГЕ ДІ ІШКІ ҚҰЖАТТАРЫНА СӘЙКЕС ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ.

БАСҚАРМАНЫҢ ҚҰРАМЫ

Басқарманың құрамына төраға, төрағаның орынбасарлары және басқа да тұлғалар кіреді.

Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы Басқарма құрамы:

Т.А.Ә.	Лауазымы	Тағайындау күні
Әбділдин Сүйеніш Төлеуханұлы	«Транстелеком» АҚ Басқарма төрағасы	2023 жылғы 8 желтоқсан

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

Есепті жылы Басқарма мүшелеріне төленген сыйақы мөлшері (жалақының және ақшалай нысандағы көтерме-

леудің барлық түрлерінің жиынтық мөлшері) 47 783 мың теңгені құрады.



47 738

мың теңге

Басқарма мүшелеріне төленген сыйақы мөлшері

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ

2024 жылы Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін төлем сомасы 182,7 млн теңгені құрады (2023 жылы – 155,0 млн теңге). Сыйақы және шығыстарды өтеу (жол жүру, тұру, тәуліктік) акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес жүзеге асырылды және Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстары шеңберінде міндеттерді орындауға қатысты болды.



Құндылықтар және іскерлік әдеп

«Транстелеком» АҚ адалдық, әділдік, ұқыптылық, ашықтық және жауапкершілік қағидаттарын ұстанады. Корпоративтік мәдениеттің негізін әдептілік, сенімділік, кәсібилік, құрмет және өзара көмек құрайды.

Компанияның іскерлік әдеп кодексі қызметкерлердің мінез-құлық нормаларын бекітеді, корпоративішілік қатынастарды, әлеуметтік жауапкершілік пен корпоративтік басқару мәселелерін реттейді. Кодекс «Транстелеком» АҚ барлық қызметкерлері мен басқару органдары үшін міндетті. Мердігерлер мен консультанттар үшін Кодекстің ережелері қолданыстағы міндеттемелер шеңберінде ұсынымдық сипатқа ие.

Мүдделер қақтығысы

«Транстелеком» АҚ-да акционерлер мен басқару органдары арасындағы жанжалдарды ерте анықтауға және жедел шешуге бағытталған корпоративтік жанжалдарды реттеудің бекітілген саясаты қолданылады.

Есепті жүргізуге және процесті үйлестіруге корпоративтік хатшы жауапты. 2024 жылы Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасында мүдделер қақтығысы болған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

«Транстелеком» АҚ кез келген нысанда сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік саясатын ұстанады және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасайды. Компания шешім қабылдауға әсер етуі мүмкін сыйақылар, сыйлықтар, қонақжайлылық белгілері мен басқа да көтермелеулерді алу немесе беру мүмкіндігін жоққа шығарады.

Негізгі мақсаты – қызметкерлер арасында адалдық, ашықтық және жоғары құқықтық жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлық және алаяқтық тәуекелдерінің алдын алу, оның ішінде шарттар жасасу, жұмысқа қабылдау және ішкі құжаттаманы жүргізу кезінде шаралар іске асырылады.

2016 жылдан бастап жұмыскерлер мен серіктестерге бұзушылықтар туралы құпия немесе жасырын негізде хабарлауға мүмкіндік беретін «сенім телефоны» жұмыс істейді. Барлық өтініштер тексеріледі, қажет болған жағдайда тиісті шаралар қабылданады.

2024 жылы қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлық бұзушылықтары тіркелген жоқ. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты бұзушылықтар жіктемесін, алдын алу шараларын және комплаенс-маманның функцияларын кеңейтуді қоса алғанда, қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзектендірілді.

Террористік қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл

2024 жылы қауіпсіздікті күшейту және ықтимал террористік тәуекелдерді азайту шеңберінде «Транстелеком» АҚ 7 ДӨО нысанын іске асырды, бұл маңызды инфрақұрылымды қорғауды оңтайландыруға мүмкіндік берді.

«Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес терроризмнен қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар іске асырылуда. Атап айтқанда:

- Шу қаласындағы Жамбылтранстелеком филиалының әкімшілік ғимаратының терроризмнен қорғалуы Шу ӨКМ нұсқамасы негізінде қамтамасыз етілді.
- Филиалдар объектілерінің қауіпсіздік жүйелеріне талдау жүргізілді және персоналды террористік қатерлер кезіндегі іс-қимылдарға дайындау.

- Басым байланыс объектілерін техникалық қайта жарақтандыру жүзеге асырылады.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңын орындау аясында діни толеранттылық мәдениетін қалыптастыруға және экстремизмнің алдын алуға бағытталған ақпараттық-ағарту жұмыстары жалғасуда.

Режимдік, күзет және алдын алу іс-шаралары

2024 ЖЫЛЫ «ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ-НЫҢ 32 ОБЪЕКТІСІН, ОНЫҢ ІШІН-ДЕ 8 ДӨО-НЫ КҮЗЕТУДІ КОНТРАГЕНТТІҢ КҮШІМЕН 50 КҮЗЕТ БЕКЕТІН ТАРТА ОТЫРЫП ЖҮЗЕГЕ АСЫРДЫ. 2024 ЖЫЛДЫҢ ТАМЫЗЫНДА ДӨО-200 (АСТАНА Қ.) ҚОСА АЛҒАНДА, 8 ДӨО БОЙЫНША ҚОРҒАУ ФУНКЦИ-ЯЛАРЫ ЖАҢА ЖАУАПТЫ ТАРАПТАРҒА БЕРІЛДІ.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мына іс-шаралар кешені іске асырылды:

- Қолжетімділікті бақылау және басқару жүйелері жұмыс істейді, жаңадан қабылданған қызметкерлерге электрон-дық карталар беріледі.
- Тәулік бойы және күндізгі күзет бекеттері орнатылды.
- Ай сайын қоршаулар, аумақ және желілік-кабельдік ша-руашылық тексеріледі.
- Нысандар заманауи күзет жабдықтарымен, бейнебақы-лаумен және ҚББЖ-мен жарақтандырылады.
- Терроризмге қарсы қорғау паспорттары бекітілді, ескер-ту схемалары жаңартылды.

Қабылданатын техникалық шаралар:

- Көше жарығының жарамдылығы қамтамасыз етіледі.
- Күзет дабылы үнемі тексеріліп тұрады.
- Жеке қорғаныс құралдары тоқсан сайын тексеріледі.
- Жертөле, шатыр үй-жайлары мен желілік құрылыстарды бақылау жүзеге асырылады.

Азаматтық қорғаныс іс-шаралары:

- 2024 жылы Астана қаласында ТЖ-ға ден қою бойынша тактикалық-арнайы оқу-жаттығулар өткізілді (21.06.2024 ж. және 16.08.2024 ж.).
- АҚ курстарында 14 қызметкерді оқыту ұйымдасты-рылды. Ішкі нормативтік құжаттар үнемі жаңартылып отырады.

Тәуекелдерді басқару

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫ КОМ-ПАНИЯНЫҢ ҚҰНЫ МЕН БЕДЕЛІНЕ ӘСЕР ЕТУІ МҮМКІН ҚАУІПТЕРДІ УАҚТЫЛЫ АНЫҚТАУҒА, БАҒАЛАУҒА ЖӘНЕ АЗАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ МЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУДЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ РЕТІНДЕ ҚАРАСТЫРАДЫ.

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (ТБКЖ) негізгі бизнес-процестерге интеграция-ланған және қызметтің барлық бағыттарына қол-данылады. ТБКЖ саясаты тұрақты негізде жұмыс істейді және тәуекелдерді бақылау мен әрекет етудің жүйелі тәсілін қамтамасыз етеді.

«Транстелеком» АҚ тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесінің өзара байланысты бес компо-нентін басшылыққа алады:

1. Басқару және корпоративтік мәдениет;
2. Стратегия және мақсаттарды тұжырымдау;
3. Қызметтің тиімділігін бақылау;
4. Өзгерістерді мониторингтеу және енгізу;
5. Ақпараттық қамтамасыз ету, ішкі коммуника-ция және есеп беру.

ТБКЖ компонеттері мен қағидаттары:

1

Бақылау ортасы

- Ұйымдық құрылым.
- Адалдық және әдеп нормалары.
- Философия және көшбасшылық стилі.
- Кадрдық саясат.
- Қызметкерлердің құзыреттілігі «басқару және мәдениет» компонентімен байланысты.

2

Тәуекелдерді басқару

- Тәуекелдерді анықтау және талдау («қызмет тиімділігі» компонентімен тығыз байланысты).

3

Бақылау рәсімдері

- Рәсімдер мен саясаттар (тәуекелдерді басқа-рудың бөлігі болып табылады).

4

Ақпарат және коммуникациялар

- Ішкі бақылау саласындағы ішкі және сыртқы коммуникациялар.

5

Мониторинг

- Мониторинг, есептілік және өзгерістерді енгізу.
- «Ақпарат, байланыс және есеп беру» компо-нентімен тығыз байланысты.

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін (ТБКЖ) енгізу және дамыту «Транстелеком» АҚ стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті шарт ретінде қарастырылады. Жүйе тиісті инфрақұрылым мен корпоративтік мәдениетті қалыптастыруды, сондай-ақ Компания қызметінің барлық деңгейлерінде тәуекелдерді анықтаудың, талдаудың, бағалаудың, мониторингтеу мен бақылаудың жүйелік әдістерін қолдануды қамтиды. Негізгі мақсаты – болуы ықтимал шығындарды азайту және қабылданған шешімдердің тиімділігін арттыру.

ТБКЖ мақсаттары мен қағидаттары

«Транстелеком» АҚ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің (ТБКЖ) негізгі мақсаты – қауіп-қатер мен мүмкіндіктерді басқарудың тиімділігін арттыру, бұл Компанияның тұрақты өсуіне және капиталдандыруының ұлғаюына ықпал етеді.

ТБКЖ-ның негізгі міндеттері

Тәуекелдерді сәйкестендірудің, бағалау мен басқарудың бірыңғай тәсілдерін енгізу

Барлық деңгейдегі тәуекелдер туралы ақпараттың ашықтығы мен салыстырмалылығын қамтамасыз ету

Сыртқы және ішкі ортаның өзгерістеріне жедел ден қою


Тәуекелдерді қолайлы деңгейге дейін азайту немесе оларды үшінші тұлғаларға беру

Активтер мен капиталды бағалау үшін ақпараттық базаны қалыптастыру

Бизнестің басқарылуы мен тұрақтылығын арттыру

ТБКЖ қағидаттары «үш қорғаныс желісі» моделіне негізделген:

- Директорлар кеңесі** ТБКЖ тиімділігін қадағалауды жүзеге асырады.
- Аудит комитеті** жүйенің сенімділігін бақылайды және оның дамуына ықпал етеді.
- Басқарма** ТБКЖ енгізуді және қолдауды қамтамасыз етеді.
- Басқарма жанындағы **Тәуекелдер комитеті** тәуекелдерді басқару жөніндегі ұсыныстарды қалыптастырады және көлденең коммуникацияны қамтамасыз етеді.



ТБКЖ тәсілдері

Тәуекелдерді тиімді басқару келесі бес қадамнан тұратын үздіксіз және айналымды процесті қажет етеді:

1

Бизнес мақсаттарын тұжырымдау және тәуекелдерді анықтау

2

Тәуекелдердің маңыздылығын бағалау

3

Тәуекелдерге басымдық беру

4

Тәуекелдерге ден қою

5

Тәуекелдер мен қызметтің тиімділігін талдау

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ КЕЗЕҢДЕРІ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛ-ТӘБЕТ

«Транстелеком» АҚ негізгі кезеңдерді қамтитын тәуекелдерді басқарудың дәйекті процесін құрды:

1. Мақсаттарды тұжырымдау және тәуекелдерді сәйкестендіру

Стратегиялық міндеттерді қою кезінде тиісті тәуекелдер мен бизнес-мәнмәтіннің ықтимал әсері ескеріледі. Осалдықтар және оларды азайтудың ықтимал шаралары бағаланады.

2. Тәуекелдердің маңыздылығын бағалау

Мақсаттарға қол жеткізуге айтарлықтай әсер етуі мүмкін тәуекелдерді бөлу жүргізіледі. Бағалау ден қоюдың басым бағыттарын анықтауға көмектеседі.

3. Тәуекелдерге басымдық беру

Тәуекелдер сыни дәрежесі бойынша жіктеледі. Компанияның бейімделуі, әсер ету жылдамдығы мен ұзақтығы, сондай-ақ тәуекелдердің өзара тәуелділігі ескеріледі.

4. Тәуекелдерге ден қою

Басқару стратегиялары таңдалады: қабылдау, азайту, беру немесе жалтару – ресурстық және операциялық мүмкіндіктерді ескеру.

5. Тәуекелдерді және тиімділікті талдау

Іске асырылған тәуекелдердің бизнес-нәтижелерге әсерін бағалау және қабылданған ден қою шараларының тиімділігін талдау үнемі жүргізіледі.

Тәуекел-тәбет

«Транстелеком» АҚ стратегиялық және операциялық мақсаттарға сәйкес келетін тәуекелдің рұқсат етілген деңгейін (тәуекел-тәбет) анықтайды. Ол сандық және сапалық көрсеткіштерді қамтиды және компания үшін рұқсат етілген маңызды тәуекелдер бойынша жоғарғы шекті белгілейді.

2024 ЖЫЛЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

2024 жылы «Транстелеком» АҚ нормативтік базаны өзектендіріп, корпоративтік басқару шеңберінде тәуекел-мәдениетті күшейте отырып, тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін (ТБКЖ) дамытуды жалғастырды. Есепті кезеңдегі негізгі іс-шараларға мыналар жатады:

- Негізгі тәуекел-индикаторларды және тәуекелдерді іске асырудың алдын алу жөніндегі шараларды қоса алғанда, 2024 жылға арналған тәуекелдер тізілімін өзектендіру.
- Басқарма мен Директорлар кеңесі үшін маңызды тәуекелдерді және оларды азайту жөніндегі жоспарлардың орындалу барысын талдай отырып, тоқсандық есептерді дайындау.
- Банктік контрагенттер бойынша лимиттерді және баланстық және баланстан тыс міндеттемелер бойынша елдік лимиттерді белгілеу.
- Тәуекел-менеджмент негіздері бойынша қорытынды аттестаттаумен құрылымдық бөлімшелердің тәуекел-үйлестірушілерін оқыту.

Ішкі

аудит

ҚЫЗМЕТІ

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ (БҰДАН ӘРІ – ІАҚ) ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ БАҒЫНАДЫ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРЕДІ, ОҒАН АУДИТ КОМИТЕТІ ЖЕТЕКШІЛІК ЕТЕДІ. ІАҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ҚЫЗМЕТКЕ ТАҒАЙЫНДАУДЫ, ҚЫЗМЕТТЕН БОСАТУДЫ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫНЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ БЕКІТЕДІ.

Миссиясы және мақсаттары

ІАҚ ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару мәселелері бойынша тәуелсіз кепілдіктер мен кеңестер беру арқылы Директорлар кеңесі мен басқармаға компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдеседі.

Жұмысты ұйымдастыру:

- Қызмет Директорлар кеңесі бекіткен тәуекелге бағдарланған жылдық жоспар негізінде жүзеге асырылады.
- ІАҚ туралы ереже халықаралық кәсіби стандарттарға негізделген және «Транстелеком» АҚ бизнесіне бейімделген.
- Тоқсан сайын аудиторлық жоспардың іске асырылуы туралы есептер ұсынылады.

«Транстелеком» АҚ тәуекелдерді басқаруға және осы саладағы үздік тәжірибелерді қолдануға жүйелі көзқарасты ұстанады.

НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР

Өтімділік тапшылығы қаупі

2024 жылдың соңында ағымдағы өтімділік коэффициенті ұзақ мерзімді активтерді сату және ірі контрагент алдындағы міндеттемелерді өтеу есебінен 5 есе жақсарды. Мынадай шаралар қабылданды: негізсіз шығыстарды қысқарту, дебиторлық берешекпен жұмыс, кредиттік шарттар талаптарының орындалуын бақылау.

Ковенанттардың бұзылу тәуекелі

2024 жылы несие шарттарының талаптарын бұзу тіркелген жоқ. Тұрақты мониторинг, міндеттемелерді мерзімінен бұрын өтеу және шығындарды азайту қамтамасыз етілді.

Валюталық тәуекел

Рубль мен фунт стерлинг бойынша бейімділік сақталады. Жалпы валюталық позиция 91%-ға жақсарды, ықтимал шығын (VAR) 85%-ға төмендеді. Шаралар: бағамдардың мониторингі, валюталық қалдықтарды әртараптандыру.

Мерзімі өткен
дебиторлық берешектің
өсу тәуекелі

Кешіктіру (3 айдан астам) 2023 жылғы деңгейге қарағанда 3 есе өсті. Мынадай шаралар қабылданды: мерзімдерді бақылау, клиенттерге қоңырау шалу, актілерге уақтылы қол қою және шот-фактуралар.

ТБКЖ-НЫ ОДАН ӘРІ
ДАМУ

«Транстелеком» АҚ халықаралық стандарттар мен стратегиялық басымдықтарға сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесін дамытуды жалғастыруда. 2024 жылы мынадай негізгі міндеттер белгіленді:

- Ұзақ мерзімді стратегиялық жоспар шеңберінде ТБКЖ-ны жетілдіру жөніндегі іс-шараларды іске асыру.
- Ішкі нормативтік базаны өзектендіру және тәуекелдерді басқару процестерін реттеу.
- Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін стратегиялық, инвестициялық және операциялық жоспарлауға біріктіру.
- Тәуекел-мәдениет деңгейін арттыру және тәуекел-менеджмент саласындағы құзыреттерді дамыту.
- Стратегия, жобалық басқару, ақпараттық қауіпсіздік және тұрақты даму бағыттары бойынша кросс-функционалдық өзара іс-қимылды күшейту.

ІАҚ Директорлар кеңесіне
есеп беруі мыналар арқылы
қамтамасыз етіледі:

- барлық негізгі регламенттер мен жоспарларды бекіту;
- есептілікті қарау және қызметтегі шектеулер;
- Аудит комитетінің барлық негізгі шешімдерді қабылдауға қатысуы.

ІАҚ үздік халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділігін үнемі бағалайды.

Сапаны басқару

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ISO 9001, ISO 14001, ISO 45001, ISO 50001, ISO/IEC 20000-1, СТ РК ISO/IEC 27001 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТТАРЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІН (БҮДАН ӘРІ – ИМЖ) ДАМУА ОТЫРЫП, ҰСЫНЫЛАТЫН ИНФОТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫНА БАСЫМДЫҚ БЕРЕДІ.

2024 жылғы аудит және сертификаттау

Есепті жылы Компания халықаралық және ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкестігін растай отырып, қолданыстағы менеджмент жүйелері бойынша қайта сертификаттаудан және инспекциялық аудиттерден сәтті өтті. Мынадай сертификаттар алынды:

- ISO 50001:2018 (энергия менеджменті, халықаралық URS Kazakhstan сертификаты).
- СТ РК ISO 50001:2019 («Қазақстандық сапа орталығы» ЖШС атынан ұлттық сертификат).

Сертификаттар ҚР Мемлекеттік Техникалық реттеу жүйесінде тіркелген және «Транстелеком» АҚ барлық менеджмент жүйесіне қолданылады.

Мақсаттар мен нәтижелер

ИМЖ-ны дамыту мына салаларда бекітілген корпоративтік саясатқа сәйкес жүргізіледі:

- сапа;

- экология;

- энергия менеджменті;

- ақпараттық қауіпсізді;

- еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік.

Сертификаттардың болуы Компанияның артып отырған тұтынушыларының талаптары мен техникалық стандарттарына сәйкес сапалы қызметтерді көрсету мүмкіндігін растайды. Бұл «Транстелеком» АҚ-ның негізгі нарықтық сегменттердегі ұстанымын нығайтып, бизнестің тұрақты дамуына ықпал етеді.

Жыл сайын инспекциялық аудиттер арқылы менеджмент жүйелерінің тұрақты мониторингі жүргізіледі.

ИМЖ ішкі аудиті

«Транстелеком» АҚ 2024 жылы ISO 9001, ISO 14001, ISO 45001, ISO 50001, ISO/IEC 20000-1 и ISO/IEC 27001 халықаралық стандарттарына сәйкес ИМЖ-ны жетілдіруді жалғастырды.

ИМЖ-ның белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалау және оның нәтижелілігін арттыру мақсатында ішкі аудиттердің және бақылау рәсімдерінің тиімділігін тестілеудің жылдық кестесі бекітілді және іске асырылды (21.12.2023 ж. №ТТ-С/956-ЖЖБ).

Аудиттер жүргізу

Ішкі тексерулер орталық аппаратта 9 филиалда жүргізілді:

- Ақтаутранстелеком;

- Ақтөбетранстелеком;

- Алматытранстелеком;

- Астанатранстелеком;

- Атыраутранстелеком;

- Қостанайтранстелеком;

- Қызылордатранстелеком;

- Өскементранстелеком;

- Шымкенттранстелеком.

Тексеру нәтижелері бойынша есептер жасалды, түзету іс-шараларының жоспарлары әзірленді және іске асырылды.

Нәтижелер

Интеграцияланған менеджмент жүйесі белгіленген талаптарға сәйкес келеді және тиімді жұмыс істейді деп танылды. Тұрақты жақсарту қағидаттарына сәйкес оны дамыту және қолдау бойынша жұмыс жалғасуда.



ISO 50001:2018

ЭНЕРГИЯ МЕНЕДЖМЕНТІ,
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ URS KAZAKHSTAN
СЕРТИФИКАТЫ



СТ РК ISO 50001:2019

«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ САПА ОРТАЛЫҒЫ» ЖШС
АТЫНАН ҰЛТТЫҚ СЕРТИФИКАТ

6. Қосымшалар

2015 ЖЫЛДАН БАСТАП ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТЕРДЕ ЖЕДЕЛ КӨРСЕТКІШТЕР
ҒАНА ЕМЕС, СОНЫМЕН ҚАТАР GRI СТАНДАРТТАРЫН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП,
ЭКОЛОГИЯ, ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ, ӨНЕРКӘСІПТІК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК
ЖАУАПҚЕРШІЛІК АСПЕКТІЛЕРІ ДЕ АШЫЛАДЫ



- 040 ... 1-қосымша. Есеп туралы
- 043 ... 2-қосымша. GRI стандартты элементтер кестесі
- 046 ... 3-қосымша. Қаржылық есептілік
- 052 ... Глоссарий

1-ҚОСЫМША.

Есеп туралы

КОМПАНИЯ ЖӘНЕ ЕСЕП НЫСАНЫ ТУРАЛЫ

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ 2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ИНТЕ-
ГРАЦИЯЛАНҒАН ЕСЕПТІ ҰСЫНАДЫ, ОНДА ҚЫЗМЕТТІҢ
НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ, АКЦИОНЕРЛЕРГЕ, КЛИ-
ЕНТТЕРГЕ, СЕРІКТЕСТЕРГЕ ЖӘНЕ ИНВЕСТИТОРЛАРҒА
АРНАЛҒАН АҚПАРАТ, СОНДАЙ-АҚ ДАМУ ЖОСПАРЛАРЫ
КӨРСЕТІЛГЕН.

Компания корпоративтік басқару мен тұрақты
дамудың жоғары стандарттарын дәйекті түрде
қолданады. 2015 жылдан бастап жылдық есеп-
терде жедел көрсеткіштер ғана емес, сонымен
қатар GRI стандарттарын ескере отырып, эколо-
гия, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және әлеуметтік
жауапкершілік аспектілері де ашылады.

Қабылдауға ыңғайлы болу мақсатында есепте
қосымша материалдарға, оның ішінде «Трансте-
леком» АҚ ресми сайтына сілтемелер берілген.

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢ ЖӘНЕ ЕСЕПТІҢ ШЕКАРАСЫ

Есеп 2024 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі
кезеңді қамтиды. Көрнекілік үшін 2020 және 2024 жылдар-
дағы салыстырмалы көрсеткіштер ұсынылған. Қаржылық
деректер 2024 жылғы 31 желтоқсандағы ХҚЕС бойынша
аудиттелген есептілікке сәйкес теңгемен келтірілген және
www.ttc.kz веб-сайтында қолжетімді. Есеп орыс, қазақ және
ағылшын тілдерінде дайындалған.

ЕСЕПТІҢ МАЗМҰНЫН АНЫҚТАУ ПРОЦЕСІ

«Транстелеком» АҚ есепті кезеңде Компания жеткен
жетістіктерді де, қиындықтарды да қоса, қызмет нәтиже-
лерін объективті түрде ашуға ұмтылады.

Есептің мазмұнын қалыптастыруда келесі қағидаттар
қолданылды:

- Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл.
- Тұрақты даму мәнмәтіні.
- Маңыздылық.
- Толықтық.

Есеп Компания үшін басымдыққа ие тақырыптарды: ұзақ
мерзімді экономикалық өсуді, еңбекті және қоршаған орта-
ны қорғауды, адам капиталын дамытуды қамтиды. Ақпарат
техникалық терминологияны барынша аз қолдана отырып,
қолжетімді нысанда ұсынылған. Көрнекілік үшін схемалар,
графиктер мен кестелер пайдаланылған, қолданылған бар-
лық қысқартулар көрсетілген.

Маңызды тақырыптар GRI әдіснамасы негізінде
таңдалған және оларға мыналар кіреді:

1. Телеком саласындағы тұрақты даму мәнмәтінін және
үздік тәжірибелерді талдау.
2. Операциялық процестер мен бизнес-модельдің әсерін
бағалау.
3. Мүдделі тараптардың пікірлерін ескеру.
4. Тақырыптарды маңыздылық деңгейі бойынша басым-
дыққа бөлу.

Есепте ашылған барлық мәліметтер шынайы және тек-
серілуге жатады.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

«Транстелеком» АҚ ашықтық пен айқындылықтың жоғары
деңгейін қамтамасыз ете отырып, мүдделі тараптармен
белсенді өзара іс-қимыл қағидатын ұстанады. Компания

тұрақты коммуникацияларды құрып, маңызды ақпаратты
уақтылы ұсынады, келіп түскен сұрақтар мен болжамдарды
ескереді.

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ-НЫҢ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫНЫҢ ТӘСІЛІ

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл – «Транстелеком» АҚ
үшін тұрақты дамудың және ұзақ мерзімді құндылықты
қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі. Ішкі және
сыртқы стейкхолдерлермен сындарлы қарым-қатынас
стратегиялық мақсаттарға жетуге, беделді және операци-
ялық тәуекелдерге төзімділікті арттыруға, бизнес-орта мен
әлеуметтік күтулерді тереңірек бағалауға мүмкіндік береді.

«Транстелеком» АҚ мүдделі тараптардың пікірлерін
ескеруге және әлеуметтік жауапкершілік, экология және
қайырымдылық саласындағы өзекті қажеттіліктерді ескере
отырып, бизнес-тәжірибелерді бейімдеуге ұмтылады. Өзара
іс-қимылдың негізі – ашықтық, құрмет, сенім және өзара
тиімді ынтымақтастық қағидаттары.

Өзара іс-қимыл тәсілдері барлық стейкхолдерлердің
құқықтарын қорғауға және мүдделерін үйлестіруге бағыт-
талған Корпоративтік әдеп кодексінде және Корпоративтік
басқару кодексінде бекітілген.

«Транстелеком» АҚ мүдделі тараптарды ықпал ету дәрежесі бойынша үш санатқа жіктейді:



Өкілеттіктер мен жауапкершілік аясы *

Компанияның тікелей бағынысындағы және басқаруындағы стейкхолдерлерді қамтиды (мысалы, қызметкерлер, еншілес ұйымдар).



Тікелей ықпал ету аясы **

Компания өзінің операциялық қызметі аясында тікелей ықпал ететін топтар мен ұйымдарды қамтиды (мысалы, клиенттер, жеткізушілер, акционерлер).



Жанама ықпал ету аясы ***

өзара іс-қимылы реттеуші, беделді немесе қоғамдық кеңістік арқылы жүзеге асырылатын сыртқы стейкхолдерлерді қамтиды (мысалы, мемлекеттік органдар, БАҚ, жергілікті қоғамдастықтар).

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛДЫ АШЫҚТЫҚ, ҚҰРМЕТ ЖӘНЕ ӨЗАРА ТИІМДІЛІК ҚАҒИДАТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ ҚҰРАДЫ. КОМПАНИЯ ТҰРАҚТЫ КЕЛІССӨЗДЕРДІ ҚОЛДАУДЫ ЖӘНЕ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУ КЕЗІНДЕ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ПІКІРІН ЕСКЕРУДІ МАҢЫЗДЫ ДЕП САНАЙДЫ.

Өзара іс-қимылдың негізгі қағидаттары:

- тұрақты және сындарлы келіссөз;
- серіктестік қарым-қатынастар және өзара тиімді ынтымақтастық;
- коммуникациядағы сенім және шынайылық;
- қызметтің ашықтығы;
- міндеттемелер мен жауапкершілікті сақтау.

Негізгі мүдделі тараптар:

- акционерлер;
- кәсіподақ ұйымдары;
- тұтынушылар және қызметтерді сатып алушылар;
- жеткізушілер мен мердігерлер;
- компания қызметкерлері;
- мемлекеттік органдар және реттеуші инстанциялар;
- бұқаралық ақпарат құралдары;
- жергілікті қоғамдастықтар.

Мұндай тәсіл іскерлік беделді нығайтуға, тұрақты қарым-қатынастарды қалыптастыруға және «Транстелеком» АҚ қызметіне деген сенімді арттыруға ықпал етеді.

Акционерлер

«Транстелеком» АҚ акционерлердің мүддесінде компанияның тұрақты өсу және құнын ұлғайтуға ұмтылады. Компания ашықтық, құқықтар теңдігі қағидаттарын ұстанады және корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін сақтайды.

Акционерлерге арналған ақпарат жылдық есеп, қаржылық есептілік және корпоративтік веб-сайт арқылы қолжетімді. Барлық акционерлер компанияның қызметі мен қаржылық жағдайы туралы ақпаратқа тең қол жеткізе алады.

Жарғыға сәйкес басқару Акционерлердің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі және Басқарма арқылы жүзеге асырылады, олар акционерлердің құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Акционерлер қаржылық көрсеткіштерден басқа, қаржылық емес аспектілерге де назар аударады: корпоративтік басқару сапасы, клиенттермен және серіктестермен өзара іс-қимыл, өндірістік қауіпсіздік және қоғамдастықтарды дамытуға қосқан үлес.

Персонал

«Транстелеком» АҚ адам капиталын дамытуға баса назар аудара отырып, персоналмен қарым-қатынасты құрмет, сенім және серіктестік негізінде құрады.


Жалақы, әлеуметтік кепілдіктер, еңбек жағдайлары және мансаптық өсу мүмкіндіктері заңнама талаптарына сай келеді және еңбек шарттарында бекітілген. Компания ынталылықты, жауапкершілікті және жоғары нәтижелерге ұмтылуды қолдап, қызметкерлердің кәсіби өсуі мен тиімділігін арттыру үшін жағдай жасайды.

Өнім берушілер және тұтынушылар

«Транстелеком» АҚ ашықтық, адал бәсекелестік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат қағидаттарын сақтай отырып, тұрақты және ұзақ мерзімді серіктестікке ұмтылады. Компания міндеттемелерді уақтылы орындайды, ашық келіссөзді қолдайды және өнім берушілер мен тұтынушыларға қажетті ақпаратты ұсынады. Қызметтердің сапасы мемлекеттік және корпоративтік стандарттарға сәйкес бақыланады.

Мемлекеттік органдар

«Транстелеком» АҚ мемлекеттік құрылымдармен жауапты және адал қарым-қатынас орнатады, заңнаманы жетілдіру бойынша жұмыс топтарына қатысады. Компания саяси партиялар мен қайраткерлерді қолдамайды, ал елді дамытуға қосқан үлесін қайырымдылық және демеушілік бастамалар арқылы жүзеге асырады.



Жергілікті қоғамдастықтар

«Транстелеком» АҚ білім беру, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, инфрақұрылым және абаттандыру салаларында жобаларды іске асыра отырып, жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жасайды. Бұл бастамалар өмір сүру сапасын жақсартуға және компания қызмет ететін өңірлерде оң жағдайды қалыптастыруға ықпал етеді.

БАҚ

«Транстелеком» АҚ қызметтің ашықтығын қамтамасыз етеді және БАҚ-пен сындарлы келіссөзді қолдайды, баспасөз конференцияларын өткізеді және республикалық басылымдарда тұрақты түрде материалдар жариялайды.

Ақпаратқа қол жеткізудің негізгі арнасы – ресми веб-сайт www.ttc.kz, әсіресе «Компания туралы» бөлімі. Мұнда жаңалықтар, есептер, көрсеткіштер, басқару органдарының құжаттары ұсынылған. Барлық ақпарат орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде қолжетімді.


БОЛЖАМДАР ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Есептегі кейбір мәліметтер болжамды сипатқа ие. Мұндай сөздерге «күтеді», «ниет етеді», «бағалайды», сондай-ақ «жоспар» белгісі бар көрсеткіштер жатады.

Нақты нәтижелер көрсетілген күтулерден айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін. Болжамдар жарияланған сәтте ғана өзекті және болашақ нәтижелерге кепілдік бермейді.

КУӨЛАНДЫРУ

Жылдық есепті дайындау «Транстелеком» АҚ-ның ақпараттық ашықтығын арттыруға ғана емес, сонымен қатар компанияның ішкі процестерінің тиімділігін жақсартуға да көмектеседі.



2-қосымша.

GRI стандартты
элементтер кестесі

Қолдану туралы мәлімдеме:

«Транстелеком» АҚ 2024 жылғы GRI стандарттарына сәйкес есеп дайындады

GRI 1 қолдану:

GRI 1: Негіздер 2021

Қолданылатын салалық стандарт:

Қолданылмайды

GRI стандарты	Ашу	Бөлім	Ерекшелік			Салалық стандарттағы №
			Көрсеткіш	Себебі	Түсіндірме	
Жалпы ашулар						
GRI 2 Жалпы ашулар 2021	2-1 Ұйым профилі	Компания туралы мәлімет				
	2-2 Есепке енгізілген ұйымдар	Компания туралы мәлімет				
	2-3 Есепті кезең	Есеп туралы				
	2-4 Есеп берудегі өзгерістер	Есеп туралы				
	2-5 Сыртқы кепілдік	Есеп туралы				
	2-6 Операциялар, құн тізбегі және басқа қатынастар	Бизнес моделі				
	2-7 Жұмысшылар	Персонал құрамы				
	2-8 Штаттан тыс жұмысшылар	Персонал құрамы				
	2-9 Корпоративтік басқару құрылымы мен құрамы	Қоғамның корпоративтік басқару құрылымы				
	2-10 Жоғары басқару органдарын тағайындау	Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру				
	2-11 Жоғары басқару органының басшысы	Директорлар кеңесінің құрамы				
	2-12 Ұйымның әсерін қадағалаудағы жоғары басшылықтың рөлі	Тұрақты даму				
	2-13 Тұрақты даму саласындағы өкілеттіктерді беру	Тұрақты даму				
	2-14 Тұрақты даму бойынша есеп берудегі жоғары басқару органдарының рөлі	Тұрақты даму				
	2-15 Мүдделер қақтығысы	Мүдделер қақтығысын шешу				

	2-16 Хабарламалар мен шағымдар	Шағымдар мен апелляциялар		
	2-17 УР бойынша жоғары басқару органдарының құзыреттерін дамыту	Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру		
	2-18 Жоғары басқару органдарының қызметін бағалау	Директорлар кеңесінің, оның Комитеттерінің, Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің және оның басшысының қызметін бағалау		
	2-19 Сыйақы саясаты	Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы; Басқарма мүшелерінің сыйақысы		
	2-20 Сыйлықты анықтау процесі	Басқарма мүшелерінің сыйақысы		
	2-21 Салыстырмалы өтемақы көрсеткіштері	Басқарма мүшелерінің сыйақысы		
	2-22 Тұрақты даму стратегиясы туралы мәлімдеме	Тұрақты даму		
	2-23 Жауапты іскерлік тәжірибелер саясаты	Құндылықтар мен этикалық принциптер		
	2-24 Саясаттың орындалуы	Құндылықтар мен этикалық принциптер		
	2-25 Теріс әсерлерді жою процестері	Тәуекелдерді басқару		
	2-26 Іскерлік тәжірибелер бойынша кеңес беру және өтініш беру механизмдері	-	Қолданылмайды	Қазіргі уақытта компанияда өтініш беру механизмдері жоқ
	2-27 Заңдар мен ережелерді сақтау	Нормативтік ортаны шолу		
	2-28 Бірлестіктерге мүшелік	Жарғылар мен бірлестіктерге қатысу		
	2-29 Мүдделі тараптарды тарту тәсілі	Мүдделі тараптарды тарту		
	2-30 Ұжымдық шарттар	Әлеуметтік саясат		
Маңызды тақырыптар				
GRI 3 маңызды тақырыптар 2021	3-1 Маңызды тақырыптарды анықтау процесі	Есеп туралы		
	3-2 Маңызды тақырыптардың тізімі	Есеп туралы		
Экономикалық тиімділік				
GRI 3 маңызды тақырыптар 2021	3-3 Тақырыпты басқару	Тұрақты даму		
GRI 201 Экономикалық тиімділік 2016	201-1 Құрылған және бөлінген экономикалық құн	Тұрақты даму		
Сатып алу тәжірибесі				
GRI 3 маңызды тақырыптар 2021	3-3 Тақырыпты басқару	Сатып алуды ұйымдастыру		
GRI 204 Сатып алу тәжірибесі 2021	204-1 Жергілікті жеткізушілерге арналған шығыстардың үлесі	Сатып алуды ұйымдастыру		
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес				
GRI 3 маңызды тақырыптар 2021	3-3 Тақырыпты басқару	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес		
GRI 205 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес 2016	205-1 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бағаланған операциялар	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес		
	205-2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдер бойынша коммуникациялар және оқыту	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес		
	205-3 Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес		

Энергия				
GRI 3 маңызды тақырыптар 2021	3-3 Тақырыпты басқару			Қолданылмайды
GRI 302 Энергия 2016	302-1 Ұйым ішіндегі отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну			Қолданылмайды
	302-4 Энергетикалық ресурстарды тұтынуды азайту			Қолданылмайды
Эмиссиялар				
GRI 3 маңызды тақырыптар 2021	3-3 Тақырыпты басқару	Қоршаған ортаны қорғау		
GRI 305 Эмиссиялар 2016	305-1 Парниктік газдардың тікелей эмиссиялары (1 Қамту)	Қоршаған ортаны қорғау		
	305-7 Атмосфераға басқа да елеулі шығарындылар	Қоршаған ортаны қорғау		
Жұмыспен қамту				
GRI 3 маңызды тақырыптар 2021	3-3 Тақырыпты басқару	Персонал құрамы		
GRI 401 Жұмыспен қамту 2016	401-1 Жалданған қызметкерлер және қызметкерлердің ауысуы	Персонал құрамы		
	401-3 Ата-ана демалысы	Әлеуметтік саясат		
Еңбекті қорғау				
GRI 3 маңызды тақырыптар 2021	3-3 Тақырыпты басқару	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау		
GRI 403 Еңбекті қорғау 2018	403-1 Еңбекті қорғау жүйелері	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау		
	403-2: Қауіпті анықтау, хабарлау және оқиғаны зерттеу	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау		
	403-3: Еңбекті қорғау қызметтері	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау		
	403-4: Еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелері бойынша жұмысшылардың қатысуы, кеңес беруі және ақпарат алмасуы	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау		
	403-5: Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша қызметкерлерді оқыту	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау		
	403-6: Қызметкерлердің денсаулығын қолдау	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау		
	403-7: Еңбекті қорғау және қауіпсіздік зардаптарының алдын алу және азайту	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау		
	403-9: Өндірістік жарақаттар	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау		
Оқыту				
GRI 3 маңызды тақырыптар 2021	3-3 Тақырыпты басқару	Қызметкерлерді оқыту		
GRI 404 Тренингтер және оқыту 2016	404-1 Бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны	Қызметкерлерді оқыту		
	404-2 Біліктілікті арттыру бағдарламалары	Қызметкерлерді оқыту		
	404-3 Тұрақты жұмыс нәтижелеріне шолулар алатын қызметкерлердің пайызы	Қызметкерлерді оқыту		
Тең мансаптық мүмкіндіктер				
GRI 3 маңызды тақырыптар 2021	3-3 Тақырыпты басқару	Персонал құрамы		
GRI 405 Әртүрлілік және тең мансаптық мүмкіндіктер 2016	405-1 Басқарудағы және кадрлық құрылымдағы әртүрлілік	Персонал құрамы		
	405-2 Әйелдер сыйақысының ерлердің сыйақысына қатынасы	Персонал құрамы		
Компания үшін маңызды емес деп танылған сала үшін маңызды тақырыптар			Қолданылмайды	

3-қосымша.

Қаржылық есептілік

Басшылықтың қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілігі жөніндегі мәлімдемесі

«Транстелеком» АҚ («Компания») басшылығы Компанияның 2024 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның сол күні аяқталған жылғы қызмет нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысын және меншікті капиталдағы өзгерістерді шынайы көрсететін қаржылық есептілігін ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындауға жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық:

- Есеп саясатының қағидаларын дұрыс таңдау және қолданылуын қамтамасыз етуге;
- Ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы деректерді мұндай ақпараттың орындылығын, нақтылығын, салыстырымдылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда беруге;
- Пайдаланушыларға есептілікті түсіну үшін ХҚЕС талаптарының орындалуы жеткіліксіз болғанда, сондай-ақ өзге де оқиғалар неме-се шарттар компания қызметінің қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жағдайларда қосымша ақпаратты ашуға; және
- Компанияның өз қызметін келешекте жалға-стыру қабілетін бағалауға жауапты.

Басшылық сондай-ақ:

- Компаниядағы ішкі бақылаудың сенімді және тиімді жүйесінің қызметін әзірлеуге, енгізуге және қолдауға;
- Компания мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ Компанияның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты кез келген уақытта жет-кілікті деңгейдегі дәлдікпен ұсынуға және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысан түріндегі есепті жүргізуге;
- Бухгалтерлік есепті ХҚЕС-ке және Қазақстан Ре-спубликасының заңнамасына сәйкес жүргізуге;
- Компания активтерін сақтауды қамтамасыз ету бойынша мүмкін болатын барлық орынды шараларды қолдануға; және
- Қаржылық және басқа асыра пайдалану фак-тілерін анықтауға және олардың алдын алуға жауапты.

ТӘУЕЛСІЗ

АУДИТОРДЫҢ

АУДИТОРЛЫҚ

ЕСЕБІ



«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби даңы, 77/77
«Essential Tower» ғимараты
Алматы қ., А15Е3Н4
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
БСН 041140002277
ey.com/kz

TOO «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, 77/77
здание «Essential Tower»
г. Алматы, А15Е3Н4
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
БИН 041140002277

Ernst & Young LLP
77/77 Al-Farabi ave.
Essential Tower
Almaty, A15E3H4
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
BIN 041140002277

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Транстелеком» акционерлік қоғамның Акционерлеріне, Директорлар Кеңесі мен Басшылығына

Пікір

Біз «Транстелеком» акционерлік қоғамның (бұдан әрі - «Ұйым») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп, жиынтық кіріс туралы есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есеп саясатының маңызды ережелері туралы ақпаратты қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Ұйымның қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) және біздің қаржылық есептіліктің аудитіне Қазақстан Республикасында қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Ұйымға қатысты біз тәуелсізбіз және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Аудиттің басты мәселелері

Аудиттің басты мәселелері - біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген әрбір мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстіде келтіріледі.

Біз есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселелерді қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

A member firm of Ernst & Young Global Limited



Аудиттің басты мәселесі

Түсімді мойындау

3-ескертпеде көрсетілгендей, Ұйымның АТ-қызметтерін көрсетуден түсетін түсімді, телекоммуникациялық қызметтерден түсетін түсімді, жалға беруден түсетін түсімді және құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындаудан түсетін түсімді қоса алғанда, әртүрлі кіріс көздері бар. Ұйым бір мәміле тауарлардың жеткізілуін және қызметтердің көрсетуін қамти алғанда, сатып алушылармен орындалуға жататын бірнеше міндетті қамтитын шарттарды жасайды.

Ұйым шартқа сай орындалуға жататын міндеттемені орындаған кезде түсім танылады. Шарттық талаптардың көптігі мен алуан түрлілігіне, баға белгілеудің әртүрлі элементтеріне байланысты түсімді тану Басшылықтың маңызды пікірлерін талап етеді.

Телекоммуникациялық қызметтерден түсетін түсім бірнеше жүйелерден, соның ішінде есеп айырысу жүйесінен алынған жеке маңызды емес транзакциялардың үлкен санынан туындайды. Деректерді өңдеу және мұндай түсімді есепке алу автоматтандырылған процесс болып табылады және белгіленген тарифтік жоспарларға негізделген.

Тиісті басты мәселе аудитіміздің барысында қалайша қарастырылды

Түсімнің әртүрлі түрлерін тану процесі туралы түсінікке ие болдық.

Біз орындалған жұмыс актілерінде көрсетілген бақылаудың берілу күнін түсім танылған күнмен салыстырдық. Біз орындалған жұмыс актілеріндегі сомаларды кезең ішінде танылған түсім сомаларымен салыстырдық. Біз шарттардың құнын танылған түсім сомасымен салыстырдық. Біз шарттарда орындалуға жататын түрлі міндеттер арасында түсімнің қалай бөлінетіндігін тестіледік.

Біз ай сайынғы ауытқуларды талдауды қоса алғанда, сараптамалық рәсімдерді орындадық және қаржылық деректердегі трендтерді қаржылық емес деректердегі трендтермен салыстырдық.

Біздің АТ-мамандарымыздың көмегімен біз тиісті АТ-жүйелерді және ішкі бақылау құралдарының дизайнын қарастырдық және биллинг жүйесінің ішкі бақылау құралдарының операциялық тиімділігін тестіледік.

Біз клиенттерге ұсынылатын сомаларды есептеу және клиенттерден алынған сомаларды көрсету бойынша процестердің АТ-бақылауын тестіледік.

Біз түсімді есепке алуға байланысты тиісті АТ-жүйелері арасындағы деректерді беруге байланысты бақылауларды тестіледік.

Біз автоматтандырылған есеп айырысу жүйесінде жүзеге асырылған тарифтік өзгерістерді авторизациялауды растайтын құжаттарды зерттедік.

Біз қос жүйеден де деректерді салыстыру арқылы биллинг жүйесінен бухгалтерлік есеп жүйесіне деректерді тасымалдауды тексердік және тиісті кезеңде танудың дұрыстығына сәйкессіздіктерді тестіледік.



Сондай-ақ, Ұйым атқару міндетінің орындалу дәрежесін бағалау негізінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындаудан түскен түсімді таниды, бұнда оны анықтау үшін Ұйым басшылығы жалпы түсімді және ұзақ мерзімді жобаны іске асыруға жұмсалатын шығындарды болжауды және шарттар бойынша түсімнің жалпы сомасын пайдалану міндеттеріне бөлуді білдіретін ресурстар әдісін пайдаланады.

Осылайша, түсімді есепке алу процесіне қатысатын ақпараттық жүйелердің күрделілігіне және түсімді дұрыс танымау мен бағалау тәуекелдеріне байланысты біз бұл мәселені аудит үшін ең маңыздыларының бірі ретінде анықтадық.

Басшылық қолданған түсімді тану және пайымдаулар бойынша есеп саясатына қатысты ақпаратты ашу қаржылық есептілікке 3 және 4-ескертпелерде, ал түсім түрлері жөніндегі ақпаратты ашу қаржылық есептіліктің 21-ескертпесіне қосылған.

Біз жобаларды аяқтауға, жобаларды аяқтау пайызына, жоспарды түсім, сол сияқты шығыстар бойынша іс жүзіндегі деректермен салыстыруға, сондай-ақ шығынды жобалар бойынша келешек шығындар резервтеріне болжамды залалдарды айқындау кезінде басшылықтың жорамалдарын бағаладық. Біз ұзақ мерзімді жобалардың аяқталу дәрежесін бағалау үшін негізгі шарттардың талаптары мен болған шығындарды зерделедік.

Біз түсімнің тиісті кезеңде танылатындығын анықтау үшін жыл соңына дейін және кейін тікелей танылған түсімді сараладық.

Біз Ұйым тандаған және қолданатын түсімді тануға қатысты есеп саясатын және 15 ХҚЕС-тің талаптарын ескере отырып түсімге қатысты ақпараттың ашылып көрсетілуін сараладық.

Біз қаржылық есептіліктің 21-ескертпесінде ақпараттың ашылып көрсетілуін сараладық.



Кредиторлық берешекті қайта құрылымдау және деректерді өңдеу орталықтарының шығуын есепке алу

18-ескертпеде көрсетілгендей, есепті кезеңде Ұйым осы орталықтарды салу кезінде туындаған кредиторлық берешекті қайта құрылымдау мақсатында деректерді өңдеу орталықтарын сату мәмілесін жасады. Ұйым, кредитор және сатып алушы арасындағы мәміле шеңберінде 2024 жылы кредиторлық берешектің бір бөлігін сатып алушыға беруді көздейтін қайта құрылымдау және қайта қаржыландыру туралы ұшжақты келісім жасалды.

Біз бұл мәселені шығарылған активтер мен кредиторлық берешектің маңыздылығына, сондай-ақ мәміле нәтижесінде танылған табыс сомасына байланысты басты мәселеге жатқыздық.

Біз оның құрылымы мен Ұйымның қаржылық нәтижелеріне әсерін түсіну үшін мәміленің барлық талаптары мен элементтерін қоса алғанда, үш жақты қайта құрылымдау және қайта қаржыландыру келісімін зерделедік.

Біз қайта құрылымдау талаптарына талдау жасадық және қалған кредиторлық берешектің қаржылық есептілікте дұрыс көрсетілуін қамтамасыз ету үшін оның әділ құнын бағалауды тексердік.

Қаржылық есептілікте танылған мәміледен түскен кірісті есептеудің дұрыстығына көз жеткізу үшін біз шығарылған кредиторлық берешектің баланстық құнын және шығарылған активтердің баланстық құнын салыстырдық.

Біз мәміле талаптарын талдап, олардың орындалғанын растадық.

Біз қаржылық есептіліктің 5 және 18-ескертпелерінде ақпараттың ашылып көрсетілуін сараладық.

Маңызды жағдайлар

Біз қаржылық есептіліктің 27-ескертпесіне назарыңызды аудартамыз, онда Ұйымның байланысты тараптармен жасалған операцияларының едәуір көлемі сипатталған. Біз осы мәселеге орай түрлендірілген пікірімізді білдіріп отырған жоқпыз.

Ұйымның 2024 жылғы Жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Басқа да ақпаратқа Ұйымның 2024 жылғы Жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті Басшылық көтереді. Ұйымның 2024 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп шығарылғаннан кейін ұсынылады.

Қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады. Егер жүргізілген жұмыстың негізінде біз мұндай басқа ақпарат елеулі бұрмалануды қамтиды деген тұжырымға келетін болсақ, біз бұл факт жөнінде хабарлауға міндеттіміз. Мұндай фактілер туралы мәліметтеріміз жоқ.



Басшылықтың және Директорлар Кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Ұйымды таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Директорлар Кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті Ұйымның қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.



Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- Ұйымның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.

Біз Директорлар Кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз Директорлар Кеңесінің Аудит жөніндегі комитетіне тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және осы тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - қауіп-қатерлерді жою үшін жасалған іс-қимылдар немесе қолға алынған сақтық шаралары туралы хабардар еттік.



Біз Директорлар Кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің басты мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты Партнер, - Адиль Сыздықов.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС

 	
Адиль Сыздықов Аудитор	Рустамжан Саттаров «Эрнст энд Янг» ЖШС-тің Бас директоры
Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы № МФ - 0000172 біліктілік куәлігі	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы МФЮ-2 № 0000003 болатын Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия
А15ЕЗН4, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты	
2025 жылғы 31 наурыз	

Қаржылық жағдай туралы есеп

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША

Мың теңгемен	Ескерт.	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
Активтер			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі құралдар	5	66.304.016	136.326.009
Берілген ұзақ мерзімді аванстар	7	4.222.541	4.401.501
Материалдық емес активтер	6	3.279.875	4.910.563
Басқа да айналымнан тыс активтер	8	277.383	267.011
		74.083.815	145.905.084
Айналымдағы активтер			
Тауар-материалдық қорлар	11	1.911.619	7.094.098
Байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегі	27	10.247.950	8.968.981
Үшінші тараптардың сауда дебиторлық берешегі	9	14.554.152	8.236.444
Шарттар бойынша активтер	9	370.050	3.407.428
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		1.580.534	2.825.671
Басқа да айналымдағы активтер	10	7.042.039	6.367.675
Берілген аванстар	7	931.074	1.020.105
Ақша қаражаты мен оның баламалары	12	13.575.088	6.336.198
		50.212.506	44.256.600
Активтер жиыны		124.296.321	190.161.684
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Акционерлік капитал	13	12.241.487	12.241.487
Бөлінбеген пайда		41.548.281	23.327.373
		53.789.768	35.568.860

Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	14	9.000.000	–
Шығарылған облигациялар	15	22.467.090	22.286.506
Жалдау бойынша міндеттемелер	16	211.859	367.520
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		700.622	580.855
Сауда кредиторлық берешек	18	737.808	10.992.015
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер	17	1.199.241	1.037.338
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	20	7.775.578	6.814.952
		42.092.198	42.079.186

Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	14	146.250	1.498.746
Шығарылған облигациялар	15	659.086	659.086
Жалдау бойынша міндеттемелер	16	155.173	268.195
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		964.519	76.417
Сауда кредиторлық берешек	18	16.387.168	79.674.076
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер	17	1.824.002	21.038.720
Төленуге салықтар және басқа да міндетті төлемдер		2.419.789	3.127.481
Бағалау міндеттемелері	19	–	413.252
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	19	5.858.368	5.757.665
		28.414.355	112.513.638
Міндеттемелер жиыны		70.506.553	154.592.824
Капитал мен міндеттемелер жиыны		124.296.321	190.161.684

Жиынтық кіріс туралы есеп

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН

Мың теңгемен	Ескерт.	2024 жыл	2023 жыл
Түсім	21	88.835.149	78.787.733
Операциялық жалдаудан түскен кірістер	21	132.694	146.401
Өзіндік құн	22	(69.435.834)	(67.707.245)
Жалпы пайда		19.532.009	11.226.889
Жалпы және әкімшілік шығыстар	23	(11.044.441)	(6.492.879)
Негізгі қызметтен түскен пайда		8.487.568	4.734.010
Қаржылық кірістер	24	1.896.488	5.949.281
Қаржылық шығыстар	25	(8.096.989)	(12.430.505)
Бағамдық айырмадан болған пайда		2.524.602	14.078.477
Басқа да кірістер, нетто	26	18.906.683	580.935
Салық салынғанға дейінгі пайда		23.718.352	12.912.198
Пайда салығы бойынша шығыстар	20	(5.373.274)	(2.193.043)
Бір жылғы пайда		18.345.078	10.719.155

Басқа да жиынтық кіріс

Келесі кезеңдерде пайданың немесе зиянның құрамына қайта сыныптауға жатпайтын өзге де жиынтық кіріс сомалары (салықтарды шегере отырып):

Жұмыскерлердің ұзақ мерзімді сыйақылары бойынша жоспарларды қайта бағалаудан болған (залал)/пайда	(124.170)	83.050
Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да таза жиынтық (залал)/кіріс	(124.170)	83.050
Салықтар шегерілген бір жылғы өзге жиынтық (залал) / кіріс	(124.170)	83.050
Салықтарды шегере отырып, бір жылғы жиынтық кірістің жиыны	18.220.908	10.802.205

Акцияға шаққандағы пайда

Бас компанияның жай акцияларының ұстаушыларына келетін бір жылғы базалық және бөлін-ген пайда (теңгемен)	13	3.253,77	1.901,20
--	----	----------	----------

Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН

Мың теңгемен	Акционерлік капитал	Бөлінбеген пайда	Капитал жиыны
2023 жылғы 1 қаңтарға	12.241.487	12.525.168	24.766.655
Бір жылғы пайда	–	10.719.155	10.719.155
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы басқа да жиынтық кіріс	–	83.050	83.050
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	–	10.802.205	10.802.205
2023 жылғы 31 желтоқсанға	12.241.487	23.327.373	35.568.860
Бір жылғы пайда	–	18.345.078	18.345.078
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы басқа да жиынтық залал	–	(124.170)	(124.170)
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	–	18.220.908	18.220.908
2024 жылғы 31 желтоқсанға	12.241.487	41.548.281	53.789.768

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН

Мың теңгемен	Ескерт.	2024 жыл	2023 жыл
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Салық салынғанға дейінгі пайда		23.718.352	12.912.198
Мыналарға түзетулер:			
Амортизацияға	22, 23	13.551.612	13.913.881
Қаржылық шығыстарға	25	8.096.989	12.430.505
Қаржылық кірістерге	24	(1.896.488)	(5.949.281)
Тауар-материалдық қорларды таза өткізу құнына дейін қалпына келтіру	23	(76.173)	(120.057)
Берілген аванстардың, өзге де айналымдағы және айналымнан тыс активтердің құнсыздануына резервті есептеу	23	1.003.427	60.878
Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің шығуынан түскен кіріс		(18.108.723)	(356.480)
Жұмыскерлердің сыйақы міндеттемелері бойынша шығыстар		93.967	122.504
Бағамдық айырмадан болған пайда		(2.524.602)	(14.078.756)
Дебиторлық берешекке күтілетін кредиттік зияндар резервін есептеу/(қалпына келтіру)	23	2.573.218	(365.090)
Бағалау міндеттемелерін (қалпына келтіру) / есептеу	19	(3.207.255)	4.757.528
Басшылыққа арналған сыйақыға резервті есептеу	23	874.018	–
Ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша күтілетін кредиттік зияндар резервін есептеу/(қалпына келтіру)	12	65.295	(161.788)
Айналым капиталындағы және басқа да баптардағы өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен ақша қаражатының қозғалысы		24.163.637	23.166.042

Айналым капиталындағы және басқа да баптардағы өзгерістер		
Сауда дебиторлық берешектегі өзгеріс	(6.445.790)	5.228.761
Тауар-материалдық қорларды өзгерту	5.267.230	(1.745.385)
Берілген аванстардың өзгеруі	(71.687)	2.049.530
Басқа да айналымдағы активтердің өзгеруі	(2.518.170)	1.920.713
Сауда кредиторлық берешектің өзгеруі	2.666.473	(1.055.843)
Төленуге салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің өзгеруі	(11.404.940)	(1.372.010)
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелердің өзгеруі	(6.638.690)	1.230.589
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелердегі өзгеріс	3.014.791	4.211.507
Жұмыскерлердің сыйақылары бойынша міндеттемелердің өзгеруі	(84.286)	(90.397)

Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты	7.948.568	33.543.507
Төленген ақша қаражаты		
Алынған пайыздар	971.768	1.032.308
Қарыздар бойынша төленген пайыздар	28 (29.948)	(2.820.015)
Жалдау міндеттемелері бойынша төленген пайыздар	28 (110.226)	(106.111)
Облигациялар бойынша төленген купондық сыйақы	28 (2.870.006)	(2.985.098)
Төленген табыс салығы	(4.442.791)	(2.629.243)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты	1.467.365	26.035.348

Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы		
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу, сондай-ақ ұзақ мерзімді активтерді сатып алуға аванстарды төлеу	(4.676.946)	(4.993.458)
Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің шығуынан түскен түсім	35.810.114	19.252.683
Басқа да төлемдер, нетто	(22.631)	–
Инвестициялық қызметтен болған таза ақша қаражаты	31.110.537	14.259.225

Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы		
Қарыздарды өтеу	28 (1.497.415)	(35.081.453)
Қарыздар алу	28 9.000.000	–
Шығарылған облигацияларды өтеу	28 –	(2.000.779)
Бөліп-бөліп сатып алынған активтерге қатысты кредиторлық берешекті өтеу	(32.639.268)	(12.060.084)
Жалдау бойынша міндеттемелердің негізгі сомасын өтеу	28 (289.462)	(278.657)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты	(25.426.145)	(49.420.973)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өзгеруі	7.151.757	(9.126.400)

Шетел валютасы бағамы өзгеруінің шетел валютасындағы ақша қаражаты мен оның баламаларының қалдығына әсері	152.428	22.623
Ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша күтілетін кредиттік зияндар резервіндегі өзгеріс	(65.295)	161.788
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	6.336.198	15.278.187
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	12 13.575.088	6.336.198



Глоссарий

«ҚТЖ» ҰК» АҚ

«Транстелеком» АҚ

ААҚ

АБЖ

АҚБЖ

АТС

БКМ

БЦП

ДӨО

ЖІІЖ

ЖОТЖ

КЖҚ

КҚЖ

ҚНК

ҚОТЖ

МКК

НАА

РМК

СМЖ

ТОБЖ

ФДО

ХҚЕС

ЦДИЖАӨМ

ЭДТ АБЖ

ЭМЖ

ЭнМЖ

ARPU

HW

LTE

M2M

MPLS

SLA

VPN

«Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы

«Транстелеком» акционерлік қоғамы

Ашық акционерлік қоғам

Автоматтандырылған басқару жүйесі

Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі

Автоматтандырылған телефон станциясы

Бақылау-кассалық машина

Бірыңғай цифрлық платформа

Деректерді өңдеу орталығы

Жедел-ізвестіру іс-шараларының жүйесі

Жалпыға ортақ телекоммуникация желісі

Кең жолақты қолжетімділік

Кабельдік құрылыстар желілері

Қызметтің негізгі көрсеткіштері

Қашықтықтан оқыту және тестілеу жүйесі

Мемлекеттік кірістер комитеті

Нөмірді автоматты анықтау аппаратурасы

Республиклық мемлекеттік кәсіпорын

Сапа менеджменті жүйесі

Талшықты-оптикалық байланыс желілері

Фискалдық деректер операторы

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

«Энергодиспетчерлік тартылым» автоматтандырылған басқару жүйесі

Экологиялық менеджмент жүйесі

Энергетикалық менеджмент жүйесі

Бір пайдаланушыға шаққандағы орташа табыс

Hardware

Ұялы телефондар мен басқа деректер терминалдарына арналған сымсыз жоғары жыл-
дамдықты деректер стандарты

Машина-машиналық өзара іс-қимыл

Жоғары өнімді телекоммуникациялық желідегі деректерді желінің бір түйінінен екін-
шісіне тегтер арқылы беруді жүзеге асыратын механизм

Қызмет көрсету деңгейі туралы келісім

Virtual Private Network

Байланыс ақпараты

ОСЫ ЕСЕПТЕ ҰСЫНЫЛҒАН АҚПАРАТҚА ҚАТЫСТЫ
БАРЛЫҚ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР БОЙЫНША МЫНА
МЕКЕНЖАЙҒА ХАБАРЛАСУЫҢЫЗДЫ СҰРАЙМЫЗ:
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ, 010000, АСТАНА Қ., Д.
ҚОНАЕВ К-СІ, 10 ҮЙ, 23-ҚАБАТ

ӨЗГЕРІСТЕРДІ БАСҚАРУ

ЖӘНЕ ҚОҒАММЕН

БАЙЛАНЫС

Тел.: +7 (7172) 61-06-34

E-mail: org@ttc.kz

Жылдық есепте қамтылған ақпаратты пайдаланған
кезде оған сілтеме міндетті болып табылады.

Тіркеуші туралы ақпарат

Толық атауы:

«Бағалы қағаздардың орталық
депозитарийі» АҚ.

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050051,
Алматы қ., «Самал-1» шағ.ауд., 28 ғим.

Тел.: +7 (727) 262-08-46

Факс: +7 (727) 355-47-60

E-mail: kacd@kacd.kz

«Шұғыл желі» телефоны: 8 800 080 86 68
(ҚР бойынша қалалық және ұялы телефондардан
қоңырау шалу тегін).

Аудиторлық ұйым туралы ақпарат

«Транстелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы-
ның 2023 жылғы 26 қазандағы шешімімен «Транстелеком»
АҚ-ның 2023, 2024, 2025 жылдардағы 31 желтоқсанда
аяқталған жылдағы қаржылық есептілігіне қатысты
аудитті жүзеге асыратын «ЭРНСТ ЭНД ЯНГ» ЖШС аудитор-
лық ұйымы айқындалды.

ЕҮ аудит, салық салу, мәмілелерді сүйемелдеу және кеңес
беру саласындағы халықаралық көшбасшы болып табылады.
Аудиторлық ұйымның тәжірибесі мен қызметтерінің сапасы
қоғамның дүниежүзіндегі әртүрлі елдердегі капитал нарықта-
ры мен экономикасына деген сенімін нығайтуға көмектеседі.

1992 жылы «ЭРНСТ ЭНД ЯНГ» ЖШС халықаралық фирмалар
арасында бірінші болып Қазақстанда түрлі индустрияларда
жұмыс істейтін трансұлттық корпорацияларды, ұлттық және
жеке компанияларды қоса алғанда, ұйымдардың кең ауқы-
мына аудиторлық және консалтингтік қызметтер көрсете
бастады. Бүгінгі таңда «ЭРНСТ ЭНД ЯНГ» ЖШС-нің Қазақстан-
дағы тәжірибесінде 700-ден астам қызметкер бар және үш
кеңсе Алматы, Астана және Атырау қалаларында орналасқан.
«ЭРНСТ ЭНД ЯНГ» ЖШС Қазақстанда кәсіби қызметтердің 85-
тен астам түрін көрсетеді.

Тәуелсіз аудитордың қорытындысы

«ЭРНСТ ЭНД ЯНГ» ЖШС сыртқы аудиторының пікірінше, 2024
жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Транстелеком» АҚ
қаржылық есептілігі барлық маңызды аспектілерде және халықа-
ралық қаржылық есептілік стандарттарына сай дұрыс ұсынылған.